Бекітемін:
№ 2 Мәртөк мектеп- гимназиясының
директоры: М.Ш.Айтназаров

Мектепалды даярлық 0 «Ә» сыныбының
2026-2027 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты:

Мектеппен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата – анасының ықпалын арттыру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. Ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарымқатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.. Ата-аналармен тығыз байланыста болу

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	**Жиналыс №1** 1. Тренинг: «Байланыс орнату және өзара сенім» 2. Ата – аналарды 2026 – 2027 оқу жылының оқу жоспарымен таныстыру. 3. Ата – аналар комитетін сайлау	Қыркүйек	Тәрбиеші Ата-аналар
2	**1.** «Менің отбасым» (отбасы күніне -ата-аналармен бірлескен фото коллаж жасау) **2.** « Біз не білдік? Не үйрендік?» (Ата -аналар үшін ашық есік күні)	Қазан	Тәрбиеші Ата-аналар
3	1.«Жол қозғалысы ережелері». 2.Күз сыйлары: табиғи материалдардан композициялар жасау. **3.Жиналыс №2** 1 .«Балалар – біздің болашағымыз» **Баяндама: «Бала-басты байлығымыз»** 2.Ата-аналарға кеңес: «Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары». « ЖРВИ » және тұмау деген не? 3. Әр түрлі мәселелер	Қараша	Тәрбиеші Медбике Ата-аналар
4	**1.** Ата-аналармен бірге қолөнер шеберханаларын ұйымдастыру (елдің рәміздерін: туларды, елтаңбаларды) қағаздан, ермексаздан немесе басқа материалдардан жасау бойынша қолөнер шеберханалары). **2.Жиналыс №3** 1. **Баяндама**: «Ата-аналар құқығы мен міндеті» 2.Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.	Желтоқсан	Тәрбиеші Ата-аналар

	I- жарты жылдық қортынды. 3.Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шара жоспарымен таныстыру.		
5	**1.** «Заң және баланың құқықтарын қорғау» (ата-аналармен әңгімелесу) 2. «Қыста, құстарды тамақтандырайық» *(жемсауыт жасау)*	Қаңтар	Тәрбиеші Ата-аналар
6	Дөңгелек үстел 1. Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі. 2. Тәрбие отбасынан басталады.	Ақпан	Тәрбиеші Психолог Ата-аналар
7	**1.**«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары мен педагогтерінің қатысуымен) **2.** «Ананың аялы алақаны» ертеңгілігі. Наурыз мерекесіне арналған: Бауырсақ-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні!»	Наурыз	Тәрбиеші Ата-аналар
8	**1**.Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла» **2.** «Әжемнің ертегілері» шығармашылық кездесу	Сәуір	Тәрбиеші Ата-аналар
9	**Жиналыс№4** 1. II- жарты жылдық қортындысы. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. 3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық	Мамыр	Тәрбиеші Ата-аналар Психолог Медбике

Тәрбиеші : Кадырова А.Б.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ № 1

Өткізілген күні: 07. 09 .2026 жыл

Сыныбы: Мектепалды даярлық сыныбы

Қатысқаны: 20 ата-ана

Қатыспағаны: 3 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. **«Байланыс орнату» тренингі.** (Ата-аналар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және танысу).
2. **Мектепалды даярлық сыныбының жаңа оқу жылына арналған жоспарымен таныстыру.** (Оқу бағдарламасы, күн тәртібі, сабақ кестесі, мектеп талаптары).
3. **Ата-аналар комитетін сайлау.**
4. **Ағымдағы және ұйымдастыру мәселелері.**

1-ші мәселе бойынша:

Сынып тәрбиешісі А Кадырова сөз сөйлеп, ата-аналар арасында өзара сенімді қарым-қатынас пен жағымды атмосфера орнату мақсатында **«Байланыс орнату»** тренингін өткізді. Тренинг барысында ата-аналар өздерін таныстырып, баласының бойындағы жақсы қасиеттері мен жаңа оқу жылынан күтетін үміттері туралы ой бөлісті. Жаттығулар ата-аналардың бір-бірімен жақынырақ танысуына және мектеппен тығыз байланыс орнатуына мүмкіндік берді.

2-ші мәселе бойынша:

Сынып тәрбиешісі А Кадырова ата-аналарды мектепалды даярлық сыныбының жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Өз сөзінде:

- Балалардың мектепке бейімделу (адаптация) кезеңінің ерекшеліктеріне;
- Оқу-тәрбие бағыттарына, өтілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттер (сабақтар) кестесіне және күн тәртібіне;
- Баланың оқу құралдарымен, гигиеналық заттарымен қамтамасыз етілуіне және мектеп формасы талаптарына тоқталды.

Сондай-ақ баланың мектепке психологиялық және физиологиялық дайындығын арттыруда ата-ананың рөлі жоғары екендігін атап өтті.

Жаңа оқу жылында сыныптың ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу және мектеппен байланысты нығайту үшін Ата-аналар комитетін сайлау мәселесі көтерілді. Ата-аналар тарапынан белсенді кандидаттар ұсынылды. Дауыс беру нәтижесінде Ата-аналар комитетінің құрамы мен төрайымы (төрағасы) белгіленді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

- **1. Ата-ана *Мадениетова Жанна*:** Өткізілген тренингтің өте әсерлі болғанын айтып, балалардың мектепке бейімделу кезеңінде ұстаз бен ата-ана бірлесе жұмыс істеуі қажеттігін қолдады.

- **2. Ата-ана:** Иманиязова Динара
- Балалардың күн тәртібін сақтауы, мектепке уақытылы келуі және оқу құралдарын түгелдеп беру бойынша ұсыныстар айтты.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. **«Байланыс орнату» тренингі бойынша:** Ата-аналар мен сынып жетекшісі арасындағы ынтымақтастық пен тығыз байланыс оң бағалансын. Мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік әрі қарай жалғасын тапсын.
2. **Жаңа оқу жылының жоспары бойынша:** Мектепалды даярлық сыныбының жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары, күн тәртібі және қойылатын талаптар назарға алынсын. Ата-аналар балалардың сабаққа уақытылы қатысуын және оқу құралдарының толық болуын қамтамасыз етсін.
3. **Ата-аналар комитетін сайлау бойынша:** Мектепалды даярлық сыныбының Ата-аналар комитетінің құрамы төмендегідей бекітілсін:
    - **Комитет төрайымы (төрағасы): Назерке Мендіғали**
    - **Комитет мүшелері:**
        1. Айда Есен
        2. Бахитова Айнур

Жиналыс төрағасы (төрайымы): Назерке Мендіғали / _____ *(қолы, А.Ж.Т.)*

Жиналыс хатшысы: Нурылкасымова Айжан/ _____ *(қолы, А.Ж.Т.)*

«Ашық есік күні» 0 «Ә» сыныбы







Ата – аналар жиналысы









«Менің отбасым» фотоколлаж















